

Жандос Байзаков
Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік
педагогика институтының оқытушысы
Өзбекстан Республикасы

ЕСІМДІКТІ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІС АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС ТҮРЛЕРІ

Аннотация. Мектепте ана тілін оқытудағы басты мақсат-білімді азаматтар тәрбиелеу. Олардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру.

Тірек сөздер: оқыту, педагогика, ана тілі, жаңа әдістер.

Jandos Baizakov
Chirchik State Pedagogical Institute
of Tashkent region
Republic of Uzbekistan

EFFECTIVE TECHNIQUES OF INTERACTIVE TEACHING NAMES

Annotation. The main goal of teaching the mother tongue at school is the education of educated citizens. Formation of their knowledge and skills.

Keywords: teaching, pedagogy, native language, new methods.

Тіл – адамдардың бір-бірімен түсінісіп қарым-қатынас жасауының басты құралы. Сондықтан да қазақ тілін мектепте саналы меңгертіп, өмірде қолдана білудің мәні зор.

Ўзбекстандық білім беру жүйесіндегі қазіргі таңда мұғалімдер тәжірибесінде қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, танымдық ойындар, иммитация әдістері, өрнектеу, миға шабуыл әдісі, проблемалық сұрақтар туындату, өздік жұмыс, пікір-сайыс, дебат әдістері, тренингтер, дөңгелек үстел, топтармен жұмыс интербелсенді әдістердің үлгісі болып табылады.

Оқушыны ойлау мен сөйлеу дағдыларына төселдіруді ойын түрінде ұйымдастыру осы интербелсенді әдіс арқылы оқытудың бір түрі болып табылады. Өйткені ойын үстінде мұғалім мен оқушы арасында байланыс пайда болып, оқушылардың ұжымдық түрде жұмыс істеуіне мүмкіндік туады. Ойын оқушы белсенділігін арттырумен бірге олардың танымдық қабілетін жетілдіріп, шығармашылық белсенділікке деген қажеттілігін қанағаттандырады. Кез келген қажеттілікті қанағаттандыру жағымды эмоциямен, көңіл-күймен байланысты. Сабақтың немесе әдістің бала қажеттілігі мен мүмкіншілігіне сәйкестігі оның көңіл-күйінен көрінеді. Оқушы шығармашылығын шындауға берілетін ойын түріндегі тапсырмалар оқушының «үйренсем» деген ішкі мотивациясын тудырады. Қазіргі кезде мектеп оқушыларын белгілі бір білім көлемімен қамтамасыз ету жеткіліксіз, оқушыны білім алуға, оқуға үйретуге көп мән берілуде, яғни психологиялық тұрғыдан оларды «білім алғым келеді, оқығым келеді»деуге үйрету. Баланы күштеп, мәжбүрлеп оқыту мүмкін емес. Сондықтан да есімдікті меңгерту үдерісін ойын түрінде ұйымдастырудың маңызы зор, балалармен бірігіп орындаған жұмыс қана қызығушылықты арттырады.

Адамзаттың сан жылдық тәжірибесімен анықталған ойынмен оқыту бұл күнде оқытудың дәстүрлі нысандарына тән көптеген шектеулерді ығыстырып, оқу үдерісін жаңа сатыға көтереді. Жеке тұлғаның білім жүйелілігін, ойлау қабілеттердің беріктігін, мақсаттылық, белсенділік, өз-өзіне сенімділік сияқты қасиеттердің қалыптасуына ықпал ететін ойын

формасын пайдалана отырып, ұйымдастырылған сабақтар төмендегідей міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

- Оқушылардың жалпы, қабілеттіліктерін дамыту;
- Оқушылардың танымдық белсенділіктеріне көмектесу;
- Оқушылардың бойында өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеу қажеттіліктерін қалыптастыру.

Оқушылардың қазақ тілі сабақтарында мұндай іскерлікті қалыптастырудың ең тиімді жолы-тренинг, істер ойыны, диалогтік қарым-қатынастарға қатысу.

Сабақтың тиімділігін арттырудың маңызды бір жолы-сабақтағы атқарылатын жұмыс түрлерінің сан алуандығы. К.Д.Ушинский бала қажымай-талмай жұмыс істеу үшін оның қызығушылығын жоймай, шаршатпай, бір сарынды немесе бір жақты емес әртүрлі іс-әрекет қажет екендігі айтқан. Егер сабақтарда жұмыстың алуан түрлілігі қамтамасыз етілсе, балалар білімді игеруде жетістікке жетеді.

Оқушы мұғалімнен дайын білім, былайша айтқанда тек «жұта»салатын «әбден шайналған» білім алғысы келе ме? Қазіргі кезде, әрине, жоқ. Осындай тұрғыда өйткен сабақтар оқушы үшін көңілсіз, ол осы кезде тыныш отырмай жанындағы басқа балаларға бөгет жасай бастайды немесе басқа ойға беріліп кетеді. Бұл жағдай көпшілік сабақтарда кездесіп жатады. Оны болдырмаудың бір жолы – ұстаз бен оқушының бірлесіп еңбек етуі-оқу еңбегі. Баланың оқудағы өз үлесінің болуы, ол өзінің «салмағын» сезінуі. Сол кезде ғана оқушының өзінің адамгершілігін сезінуі, өзін-өзі бағалауы, сөйтіп оның өзін дамытуға деген құштарлығы,сезім оянады.

Осыдан шығатын бір нәтиже шығармашылық еркіндік алу, тапқырлық, зеректік, дербестік алуы. Осы жағдайдың барлығы оқушыға мұғаліммен пікір таластыра алуына, оқулықтағы мәтінмен ой

жарыстыруға, сөйтіп өзінің дәлелдерін ұсыну, болжам айту, пікірлермен келіспейтіндігін мәлімдей алатынын сезінуге жеткізеді.

Оқу үрдісіндегі осындай жағдайлар екі жақты бірдей, ұстаз-оқушы қарым-қатынасын жетілдіре түседі, қызықтырады, қуаныш әкеліп шаттандырады. Оқытудың ойын түрі баланың оқу-танымдық әрекетінің белсенділігін артыруда өте тиімді. Баланың шығармашылық ойлауын ойын арқылы ұйымдастыру балаға жағымды көңіл – күй туғызып, қабілеттерін арттырады. Педагогика ғылымында интербелсенді әдістерге «Дидактикалық ойындар» деп іскерлік ойындарды көптеп пайдаланылып жүр. Дидактикалық ойындар-оқушының сабаққа деген белсенділігін арттыратын және олардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытатын ойын әдісі.

Интербелсенді әдіс арқылы оқытуда дидактикалық ойындарды қолдану оқушылардың шығармашылық ойының дамуына, өз ойларын еркін сөйлеп, еркін жеткізулеріне, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауына назар аудару.

Ойының өмірдегі және баланың дамуындағы зор рөлін әр кезеңде қайраткерлер мен педагогтер аиап айықан. Ойын кезінде балалардың алдында әлем, дүниенің айқындалатын және жеке тұлғаның шығармашылық қабілетінің ашылатынын В.А.Сухомлинский айта келіп, ойынсыз толық мәнді ақыл-ойдың дамуы болмайтындығын және болуы да мүмкін еместігін айтады.

Ойын әрекет жөнінде Б.П.Никитин, З.Фрейд, К.Гросс, Л.С.Рубенштейн т.б. ғалымдардың маңызды ой-пікірлері бір идеяға, оның пайдалылығы мен тиімділігіне тоғысады. Американдық философ Герберт Спенсер ойын әрекеті баланың бойында жиналған қуатты (энергияны) сыртқа шығару тәсілі деп санаса, атақты Австрия психологі З.Фрейд баланың сыртқа шықпай қалған ішкі арманын қанағаттандыру тәсілі деп

түсіндірген. Кеңес психологі Л.С.Выготский ойын әдісін баланың ақыл-ойын дамыту құралы деп санаған.

Оқытудың ойын формасы соңғы жылдардағы педагогикалық жаңалықтардың ішіндегі ыңғайласының бірі. Себебі оқушыға ғана емес, жалпы адам үшін ойын-белсендікпен, өзін көрсетуге, үйренуге әсер етеді. «Ойын өзінің тек мазмұнмен де балаларды бірден жаңа бір өлшемге шығарып, жаңа психологиялық жағдайларға әкеледі».

Отандық әдіскерлердің ішінде оқытуды ойын арқылы ұйымдастырудың қырларын, жолдарын, тиімділігін айқындап, зерттеп жүрген әдіскерлер аз емес. А.Наркұлованың пікірінше, білім беру жүйесінде ең алғаш ойындарды қолданған ұстаз - А.Байтұрсынов. Оның қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды қолдану әдістемесі атты зерттеуі ойын арқылы оқытудың әдістемелік жүйесін жасап ұсынған. Ғалым оқулықтарында тілдік материалдарды оқушыларға меңгертуде дидактикалық ойындарды кеңінен қолданғаны байқалады. Мұны ғалымның өзі: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін балаға жұмысты әліне шағындап беруінен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру», - деп тұжырымдайды. Ұлы ұстаздың «... баланы ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету керек» деген қағидасы есімдікті интербелсенді әдіс арқылы оқытуда басшылыққа алынуы керек. А.Байтұрсынов қолданған ойындар баланың сауатын арттыруда, олардың орфографиялық дағдыларын қалыптастыруда маңызды. «Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды. Оқу басында қиын болса, суға (ұйыққа) түскен мал сықылды малтығып, жылжи алмай қиналады», - деген пайымдауы ғалымның дидактикалық ойындары жаңа материалды толық меңгеру үшін

ғана емес, олардың сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында қолданғанын көреміз.

Қазақ тілі сабақтарында дидактикалық ойындарды қолданудың жолдары мен әдістерін ұсынуда Б.Наркұлованың ізденісі ерекше. Ол дидактикалық ойындарды қолданудың мақсатын, ережесін, ойын түрлерін нақтылап көрсетіп, сараптаулар жасады. Мұғалім сабақта дидактикалық ойындарды өту барысында ескерту тиісті жайттарды анықтайды. Олар:

- Дидактикалық ойындар оқушылардың білімін, сөйлеу тілін, тіл мәдениетін жетілдіретіндігін;
- Оқушылардың жеке тұлғалық, көшбасшылық қабілеттерін тәрбиелеуге арналатындығын;
- Оқушылардың білімін сатылап көтеру жолдарын;
- Ойынның қызғылықты болуын, сол арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттыру жолдарын ескеру қажет.

Ғалымдар еңбегін саралай келе, есімдікті интербелсенді әдіс арқылы оқытуда қолданылатын дидактикалық ойындардың түрлері іріктелініп алынды. Оларға:

Мұғалім сабақта дидактикалық ойындарды өту барысында ескеруге тиісті жайттарды анықтайды. Олар:

Дидактикалық ойындар оқушылардың білімін, сөйлеу тілін, тіл мәдениетін жетілдіретіндігін;

- Оқушылардың жеке тұлғалық, көшбасшылық қабілеттерін тәрбиелеуге арналатындығын;
- Оқушылардың білімін сатылап көтеру жолдарын;
- Ойынның қызғылықты болуын, сол арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттыру жолдарын ескеру қажет.

Ойын жаттығуларының ішінде тапқырлық ойындар жеткіншектердің қызығушылығын арттыруға бағытталады және олардың танымдық белсенділігін күшейтуге ерекше қызмет атқарады. Олардың ойлауын,

іскерлік дағдысын қалыптастырып, қабілет, дарынын дамытады. Танымдық қызығушылықты арттыруға байланысты алынған жаттығулар оқушының өз бетімен орындайтын танымдық қызметіне негізделеді. Бұл тарапта мұғалім бағыт-бағдар беріп отыруы арқылы оқушылар іс-әрекетке енеді.

Бүгінгі уақыт барлық өркениетті елдерде білім беру ісін азаматтық құндылықтарға негіздеу және ұлттық сананы құрметтеумен ерекшеленетіндіктен, қазақ мектептеріндегі қазақ тілін мәселесі жедел заман талаптары мен әлеуметтік сұраныстарға сай жаңартылып, жетілдіріліп отырады. Сол себепті де тіл біліміндегі жетістіктер мен әдістемелік өзгерістер қоғам дамуымен тікелей байланысты.

Білім беру-тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз үрдісі. Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру, дамыту және кәсіби шыңдау бағытында білім беру үшін жағдайлар жасау. Оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасау үшін оқыту үрдісіне жаңа көзқарастар енгізу қажеттігін туындатып отыр. Білім сапасын арттыру әр мұғалімнен шығармашылықпен жұмыс жасауды талап етеді. Сабақты оқыту-екі жақты үрдіс болғандықтан, оның сапасы өткізілетін сабаққа деген оқушылардың көзқарасына, олардың танымдық белсенділігінің деңгейлері мен мұғалім жұмысының дидактикалық жақтан жетілдірілуіне байланысты.

Мектепте ана тілін оқытудағы басты мақсат-білімді азаматтар тәрбиелеу. Олардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың шығармашылық белсенділіктерін, ауызша, жазбаша сөйлеу тілін дамыту.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Абдиреймова Т. Қазақ тілін проблемалы оқытудың тиімді жолдары. Нөкіс. 2009 жыл

2. Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу, Алматы, 2002 жыл.
3. Мейірманқұлова Т. Білім берудің инновациялық технологиясы. Алматы. 2004 жыл.
4. Такишева Г. Модульдік оқыту технологиясын пайдаланудың тиімділігі. Алматы, 2009 жыл.
5. Бектұров Ш. Қазақ тілі (фонетика, лексика, морфология, синтаксис). Алматы. 2006 ж.
6. Хасенов А. Тіл білімі. Алматы, 2003 ж.